

# Бодандықтан бостандыққа жеткізген

Азаттыққа жетуде төл тарихымызда шешуші рөл атқарған құбылыстардың бірі желтоқсан оқиғасы екені сөзсіз. Азаттыққа ұмтылу жолында соңғы қадамдардың бірі болған бұл оқиға осыдан 29 жыл бұрын болыпты. Арада ширек ғасырдан астам уақыт өтсе де, сол кездегі қазақ жастарының жанкешті ерлігі, азаматтық белсенділігі мен ұлтқа, елге жанашырлығы бүгінгі ұрпаққа үлгі әрі өнеге. Еліміздің бас қаласы болған Алматыда сол жастар толқынына ілесіп, халықтың атынан наразылық білдірген жас боздақтар мен бойжеткендердің арасында біздің жерлестеріміз де болды. Еліміздің бас мерекесі – Тәуелсіздік күніне орай желтоқсан оқиғасының куәгерлеріне жолығып, сол қиын-қыстау кезең туралы әңгімелестік. Олар – №2 облыстық ғылыми әмбебап кітапханасының қызметкерлері Әлия ЕЛУБАЕВА мен Дәмет ҚҰСАЙЫН.

3 ▶





## Ұлт бағына туған ұлы тұлға

Ә. Боранбаев атындағы кино-театрда «Қазақ хандығының 550 жылдығы» және I желтоқсан - ҚР Тұңғыш Президенті күніне арналған ақындар айтысы өтті. Қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі мен Мәдениет сарайының ұйымдастырған айтыстың шымалдығын қала әкімінің орынбасары Е. Мәметқов құттықтау сөз сөйлеп ашты.

Айтысты «Арқалықтың Жүрсіні» атанған өнерпаз Қайрат Байдалдин жүргізді. Жыр аламанында облыстық, республикалық жыр додаларында ат озырған айтыскер жастармен қатар қалалық мектеп оқушылары айтысының жеңімпаздары та бақтарын сынады.

Нақ осы күні республика Президентінің бірінші бүкілжазықтық сайлауы өткізілді. Тәуелсіздік алған алғашқы күннен бастап, бейбіт саясатты еліміздің егемендігі Қазақстан Республикасы Президентінің атымен тікелей байланысты, дейді шараны ұйымдастырушылар.

Айтыстың бас жүлдесін танымал айтыскер ақын Тобта Өтепбаев қанжынасына байлады. Бірінші орынды Айбар Рағатов, екінші орынды Бекболат Қаленов, екі үшінші орынды Батырлан Сағынтаев пен Рысбай Рабигт иеленді. Өзге де қатысушылар тұраі номинациялармен марапатталды. Атап айтқанда: «Жас ақын» номинаци-